

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалау мәселелері бойынша Абай аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 2025 жылғы 27 қарашадағы № 41/379 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңның 27- бабына сәйкес, Абай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалау мәселелері бойынша Абай аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай аудандық мәслихатының төрағасы

Д. Сакенов

Абай аудандық мәслихатының
2025 жылғы 27 қарашадағы
№ 41/379 шешіміне
қосымша

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалау мәселелері бойынша Абай аудандық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Абай аудандық мәслихатының 2022 жылғы 25 наурыздағы № 21/208 "Абай аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау Әдістемесін бекіту туралы" Абай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 15 наурыздағы № 28/315 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешім.

2. Абай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 25 мамырдағы № 4/42 "Абай аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау Әдістемесін бекіту туралы" Абай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 15 наурыздағы № 28/315 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешім.

3. Абай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 28 шілдедегі № 8/86 "Абай аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау Әдістемесін бекіту туралы" Абай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 15 наурыздағы № 28/315 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешім.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК